# Жетісу шұғыласы

**№20 (8908)**
**жұма 20 мамыр**
**2022 жыл**

Eskeldi_eli@mail.ru

**Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.**


KÜLTÖBE

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҰҚШҰ-НЫҢ МЕРЕЙТОЙЛЫҚ САММИТІНЕ ҚАТЫСТЫ



***Қасым-Жомарт Тоқаев Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қол қойылғанына 30 жыл және Ұйымның құрылғанына 20 жыл толуына орай өткен ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің мерейтойлық сессиясына қатысты.***

Мерейтойлық жиынға Қазақстан көшбасшысынан басқа Арменияның Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Ресей Президенті Владимир Путин, сондай-ақ ҰҚШҰ-ның бас хатшысы Станислав Зась қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев кездесуге қатысқандарға ілтипат білдіріп, мерейтойлық сессияны ұйымдастырғаны үшін Владимир Путинге ризашылығын білдірді.

Қазақстан Президенті ҰҚШҰ-ның 30 жыл ішінде одан әрі даму үшін зор әлеуеті бар көпжақты ынтымақтастықтың нақты механизмі ретінде қалыптасқанын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев бейбітшілік пен тұрақтылықты, халықаралық және аймақтық қауіпсіздікті сақтау, мүше мемлекеттердің аумақтық тұтастығы мен егемендігін қорғау ҰҚШҰ-ның басты міндеті екенін айтты. Президент ҰҚШҰ-ның тұрақты жұмыс органдарының табысты қызметіне, әртүрлі форматтағы тығыз ынтымақтастықты, сондай-ақ Ұйымның күштік, құқық қорғау және бітімгершілік әлеуетін күшейту мәселесіне тоқталды.

Мемлекет басшысы сөйлеген сөзінде халықаралық терроризм мен экстремизмге, заңсыз есірткі және қару-жарақ айналымына, көші-қонға, соның ішінде Ауғанстандағы ахуалдың өршуіне қарсы іс-қимыл мәселелеріне ерекше назар аударды.

***– Ауғанстандағы жағдай, сондай-ақ осы елдің аумағындағы қарулы топтардың белсенді әрекеті мемлекеттеріміздің қауіпсіздігі мен тұрақтылығына қатер төндіріп отыр. ҰҚШҰ барлық ықтимал қауіп-қатерлерді ескеріп, Орталық Азияның оңтүстік шекараларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көбірек көңіл бөлуі керек деп есептеймін,*** – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ бітімгершілік күштерінің әлеуетін нығайту Ұйым қызметінің тағы бір өзекті міндеті екенін айтты.

***– Біздің ойымызша, қазірдің өзінде ҰҚШҰ-ны БҰҰ-ның бітімгершілік қызметімен байланыстыру міндетін күн тәртібіне қою қажет. Бұл қадам Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының субъект ретіндегі құқығын нығайтады. Сондай-ақ Ұйымның бейбітшілікті сақтау жөніндегі халықаралық бітімгершілік операцияларға қатысу тәжірибесін қамтамасыз етеді,*** – деді Мемлекет басшысы.

Кездесу қорытындысы бойынша ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің басшылары Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің мерейтойлық мәлімдемесін қабылдады.

# ОРТАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

## *Құрметті референдумға қатысушы!*

Егер Сіз дауыс беру күні 18 жасқа толған және белсенді сайлау құқығына ие Қазақстан Республикасының азаматы болсаңыз, Сіздің 2022 жылғы 5-маусымға тағайындалған Қазақстан Республикасының Конституциясына түзетулер бойынша республикалық референдумға қатысуыңызға құқықтық негіз бар.

Сіздің республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімдеріне енгізілуіңіз – референдумға қатысу конституциялық құқығыңыздың іске асырылу кепілі.

Жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) тізімдерді Сіздің дауыс беруге арналған нақты учаскенің аумағындағы тұрғылықты жеріңіз бойынша тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Уақытша тіркелген азаматтар тізімдерге берілген өтініш негізінде енгізіледі.

Дауыс беруге арналған учаскелер тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады, олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Өз учаскеңізді біліп, тізімге енгізілгеніңізді Сіз жергілікті атқарушы органға хабарласып, тексере аласыз. Тізімде болмаған жағдайда, Сіз әкімдікке тиісті өтініш беруге құқылысыз.

2022 жылғы 20-мамырдан бастап өз учаскеңізде Сізге республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтар тізіміндегі өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі. Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса, Сіз дереу учаскелік референдум комиссиясына жүгіне аласыз.

Баршаңызды азаматтық жауапкершілік танытуға және республикалық референдумға қатысу құқығыңызды іске асыруға шақырамыз!

Әркімнің дауысы маңызды!

# ОБРАЩЕНИЕ ЦЕНТРАЛЬНОЙ КОМИССИИ РЕФЕРЕНДУМА

## *Уважаемый участник референдума!*

Если Вы гражданин Республики Казахстан, достигший на день голосования 18-летнего возраста, и обладаете активным избирательным правом, Вы имеете правовое основание участвовать в республиканском референдуме по поправкам в Конституцию Республики Казахстан, назначенном на 5 июня 2022 года.

Гарантией реализации конституционного права на участие в референдуме является включение Вас в списки граждан, имеющих право участвовать в республиканском референдуме.

Списки составляются местными исполнительными органами (акиматами) на основании Вашей постоянной регистрации по месту жительства на территории конкретного участка для голосования. Временно зарегистрированные граждане включаются в списки на основании поданного заявления.

Участки для голосования создаются решениями соответствующих акимов, их границы публикуются в средствах массовой информации. Узнать свой участок и проверить свое включение в список Вы можете, обратившись в местный исполнительный орган. В случае отсутствия в списке, Вы вправе подать соответствующее заявление в акимат.

С 20 мая 2022 года на своем участке Вам будет предоставлена возможность проверить данные о себе в списке граждан, имеющих право участвовать в республиканском референдуме. При необходимости внесения каких-либо изменений, Вы сразу сможете обратиться с заявлением в участковую комиссию референдума.

Призываем всех проявить гражданскую ответственность и реализовать свое право на участие в республиканском референдуме!

Важен голос каждого!

BÄREKELDI

# ӘРҚАЙСЫМЫЗДЫҢ НЕГІЗГІ АЗАМАТТЫҚ БОРЫШЫМЫЗ-РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУ

***Елімізде 5 маусымда болатын ең маңызды саяси іс-шара – республикалық референдум өткізуге дайындық жүріп жатыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «2022 жылғы 6 мамырда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы заңының жобасында баяндалған Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайсыз ба?» деген сауалды республикалық референдумға шығару туралы қаулыға қол қойды. 27 жылдан кейін екінші рет қолға алынып отырған осынау саяси іс-шараны іске асыруға, түсіндірме жұмыстарын жүргізуге барша қоғам белсенділері белсене кірісіп жатыр.***



Осыған орай жуырда Ескелді ауданына ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев келді. Жиын аудандық әкімдік ғимаратында бастау алды. Жиынға аудан басшысы Рустам Али, «Ақ жол» ҚДП Алматы облыстық филиалының төрағасы М. Шынасилова, «Ақ жол» ҚДП филиалының төрағасы О. Нұралдинов, «Ақ жол» ҚДП аудандық мәслихат депутаттары Д. Беков және А. Сағынбекұлы, Алматы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Е. Егінбаев, аудандық мекеме басшылары, кәсіпкерлер, қоғам белсенділері қатысты.

-Жаңа Қазақстанның қалыптасуына Президент ұсынған оң өзгерістер мен реформаларды іске асыруға үлес қосу – біздің әрқайсымыздың негізгі азаматтық борышымыз. 1995 жылдан бері алғаш өткелі жатқан референдум – Ата заңымыздың үштен бір бөлігін өзгертуі мүмкін. Сәйкесінше, еліміздің біршама маңызды салаларында өзгеріс болады. Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тек Қазақстанда ғана емес, көрші елдерде де орын алды. Бұл қалыпты саяси процесс, өйткені уақыт өте келе қоғамдық-саяси жағдайға қойылатын талаптар өзгеруде,-деді Азат Перуашев.

Кездесу барысында депутат аудандық ауруханаға барды. Пандемия кезінде талмай еңбектенген бірнеше дәрігерге «Жан қиярлы күресі үшін» төсбелгілерімен марапаттады. Келелі кездесудің соңғы нүктесі аудандық спорт кешені болды.

Қазақстанның әрбір азаматы Конституцияға енгізілген өзгерістерге қатысты өз пікірін дербес білдіруге құқылы. Ал референдум нәтижесі халықтың ерік-жігері мен ел болашағын түсінуінің сенімді дәлелі болмақ.

**Арай НҰРЖАНҚЫЗЫ**



BASTAU

# «AMANAT» ПАРТИЯСЫ САЯСИ БАСТАМАНЫ ҚОЛДАУДЫ

***Партия Төрағасы Ерлан Қошанов Президенттің биылғы Жолдауында айтылған ауқымды реформа сайлау, партиялық және сот-құқықтық жүйесін, аумақтық-территориялық құрылымы мен мемлекеттік биліктің бөліну принципін түбегейлі өзгертетінін айтты.***

Өз кезегінде, «AMANAT» партиясы Конституциялық реформаның маңыздылығын терең түсіне отырып, алдағы референдумды өткізуді толық қолдайды. Осы орайда, Ескелді аудандық партия филиалының штаб мүшелері ағымдағы жылдың 5-маусымда жоспарланған тарихи оқиғалардың бірі Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі Референдумды түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында ауылдық округтер мен шалғай елді мекендерде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары мен іс-шараларды ұйымдастырып сайлаушылармен кездесулер өткізуде.

Алғашқы кездесудің бірі «AMANAT» партиясы Алматы облыстық филиалы жанынан құрылған түсіндіру тобының мүшелері Серік Мұқанов және Сауле Құсмолданованың қатысуымен Шымыр ауылындағы М.Маметова атындағы орта мектеп ұжымымен өтті. Аудандық партия филиалының штаб мүшелері Қанат Сатанов «Қазақтелеком» АҚ ұжымымен кездесіп түсіндіру жұмыстарын жүргізсе, Үміт Тортаева және Гүлшат Рамазанова ауыл тұрғындарымен және балабақша қызметкерлерімен кездесу өткізді. Аудандық партия филиалының штаб мүшелері ауданға қарасты барлық ауылдық округте түрлі санаттағы тұрғындармен кездесулер өткізуді жоспарлап отыр. Еліміз түбегейлі өзгерістердің алдында тұрғаны анық. Аса жауапты кезеңде отандастарды осындай саяси оқиғадан тыс қалмай, референдумға қатысуға шақырады!

**Назерке ҚОЖАГЕЛДИНОВА**
**«AMANAT» партиясы**
**Ескелді аудандық филиалының консультанты**

BAIQAU

# КІЛ МЫҚТЫДА КІМ МЫҚТЫ?

***Жақында Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі және аудандық білім саласындағы қызметкерлері кәсіподағының ұйымдастыруымен Қаратал ауылы, Қаратал орта мектебінде аудандық «Үздік сынып жетекші-2022» байқауы өтті. Байқау үш кезеңнен тұрды. Бірінші кезең бойынша қатысушылардан электронды портфолио алдын ала қабылданып, бағаланып, нәтижелері экранда көрсетілді. Екінші кезең бойынша ұстаздар «Мен және менің сыныбым» тақырыбында презентация форматында жұмыстарын ортаға салды. Ал қорытынды кезең бойынша қатысушыларға импровизациялық тапсырмалар берілді. Ұстаздар 3 минут ішінде берілген тақырып бойынша сөйлеу шеберлігін көрсетті.***

Жарыс қорытындысына сай орта мектептер арасында Алдабергенов атындағы орта мектебінің ұстазы Р.Алтыбаева бас жүлдені қанжығасына байласа, екінші орын мен үшінші орынды Абай атындағы орта мектептің мұғалімі А.Жұмағалиева мен Жақыпбаев атындағы орта мектептің мұғалімі М.Қайсанова өзара бөлісті. Ал негізгі орта мектептер арасында бірінші орынды Мичурин атындағы негізгі орта мектеп ұстазы Р.Құрманбек еншілесе, екінші орынға Кошевой атындағы негізгі орта мектеп мұғалімі Ж.Төлеубаеваның қоржынына түсті. Ұстаздар арасындағы байқауда Қаблиса жырау атындағы орта мектептің мұғалімі А.Қалиева «Жаңашыл педагог», Уәлиханов атындағы орта мектеп-гимназиясының мұғалімі «Шебер педагог», Балпық би атындағы орта мектептің мұғалімі Г.Ғабдулина «Үздік портфолио», Қаратал орта мектебінің мұғалімі М.Бекбаева «Ізденімпаз сынып жетекшісі», Титов атындағы орта мектептің мұғалімі Г.Ахметова «Креативті педагог» номинацияларын иемденді.

Бас жүлде иегеріне аудандық білім саласындағы қызметкерлерінің кәсіподағы тарапынан «Жаркент-Арасан» шипажайына 5 күнге жолдама, 2-3-орын және номинация иегерлеріне «МультиДом» сауда үйінің ақшалай сертификаттары табысталды.

**Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі**

♦HABARLANDYRU

# ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!!!

***Ескелді ауданы әкімінің сайтының басты бетінің «Құжаттар» бөлігінде Ескелді ауданының бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің 2023-2025 жылдарға арналған жобалау кезеңіне бюджеттік бағдарламаларының жобаларының және азаматтық бюджетерінің сілтемелері жарияланған. Осы жарияланған сілтемелер арқылы кіріп бюджеттік бағдарламаларды ашып, өз пікірлеріңізді жазуға болатынын хабарлаймыз.***
***Ескелді ауданының әкімінің сайтының сілтемелері:***
***(https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-eskeldy/documents/details/306477?lang=ru, https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-eskeldy/documents/details/305946?lang=ru .***

**Ескелді ауданының экономика және қаржы бөлімі ММ**

# ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА!!!

***В главной страницы сайта акима Ескельдинского района в разделе «Документы» опубликованы ссылки на проекты бюджетных программ и гражданского бюджета () на стади планирования администраторов бюджетных программ Ескельдинского района на 2023-2025 годы. Сообщаем, что по данной ссылке вы можете открыть бюджетные программы и написать свои комментарии. Ссылки сайта акима Ескельдинского района https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-eskeldy/documents/details/306477?lang=ru, https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-eskeldy/documents/details/305946?lang=ru .***

**ГУ «Отдел экономики и финансов Ескельдинского района»**

QAZYNA

# БАТЫР ЕСІМІН ҰЛЫҚТАДЫ

***Ескелді аудандық кітапханасында “Дарабоз батыр, талантты қолбасшы” Қаракерей Қабанбай батырдың 330 жылдығына орай тұлғатану сабағы өтті. Мұндағы мақсат – батыр бабамыздың өмірі мен ел үшін еткен еңбегін ұрпақ санасында қайта жаңғырту. Атаулы сабаққа Н.Алдабергенов атындағы орта мектептің 7-сынып оқушылары мен оқытушылары қатысты.***



Қазақтың даңқты қолбасшысы, елді жаудан қорғаған баһадүр Қабанбай батырдың есімі әркезде де халық жадында. Атамекенді жау қолынан тазартып, елдің амандығын ойлаған батыр қашанда құрметке лайық. Батырлығымен тарихта қалған Қабанбай 1692 жылы дүниеге келіп, 1770 жылы өмірден озады. Осы уақыт аралығында халқының амандығы үшін жан аямай жаумен күресіп, халқына қорған бола білген ер азамат. Қабанбай батырдың азан шақырып қойған есімі - Ерасыл.Әкесі мен ағасы жоңғар жауынгерінің қолынан қайтыс болып, батыр он алты жасында ағасын өлтірген жоңғарды өлтіріп, кегін қайтарады. Кейіннен апасы мен жездесінің қолында тәрбиеленіп, ер жетеді. Өзіңе шапқан қабандарды жайратып, содан ел арасында «Қабанбай батыр» атанып кетеді.

Ұлы қолбасшы Қабанбай жеті жасында әкесі Қожағұл, он алты жасында ағасы Есенбай жоңғарлар қолынан қаза табады. Қожағұлдың Есенбай, Есенаман, Ерасыл деген үш ұлы болған. Қабанбай батырдың басқа батырлардан ерекшелігі, ол – ұлтын сүйген ерекше нар тұлға. Ол 18-ғасырдағы қазақ батырларының ішіндегі дарасы. Жасында Нарбала атанған қаһарман тұлға өз өмірінде талай-талай жекпе-жекке түсіп, сол жекпе-жектердің бәрінде жеңіс бермеген жойқын күштің иесі болған, өзі салған соғыстарда өте көп жекпе-жекке шығып, талай қалмақты жер жастандырған нағыз қас батырдың өзі болған, ол жекпе-жек ұрыстарда жеңіліп көрмеген халық қаһарманы, қайратты да таланты батыр. Қаракерей Қабанбай қатыспаған бірде-бір ірі шайқас болмаған. Қабанбай батыр осындай сұрапыл шайқастарға қатынасып, сол айқастарда жекпе-жекке 103 рет шығып, барлығында жеңіске жеткен. Қазақ батырларына бас, ерлік істерге ұйытқы болған ұлы қолбасшы өз кезеңінде атты әскер соғысының мықты стратегі, жекпе-жектің тендесі жоқ шебері болған. Осылайша есімі елге танылған Қабанбай қазақ жерін жаудан азат етуде алпыс жыл ат үстінен түспеген. 1741 жылы Шыңғыстаудағы Шаған шайқасында ақбоз атпен топ жарып, жауды жеңгені үшін «Дарабоз» атанады. Қабанбай батыр кесенесі Ақмола облысының аймағында Нұр-Сұлтан қаласынан оңтүстікке қарай 20 шақырым қашықтықта және Қызылжар ауылының солтүстік-шығысына қарай 4 шақырым қашықтықта орналасқан. Қазақстанның кез келген қаласында Дарабоз батыр Қабанбайдың атымен аталған бірнеше көше бар. Бір Қазақстан аумағында оның 10-нан астам ескерткіші бар. Ал шетелде – Ыстамбұлдағы Бахыркөй ауданының Киікті саябағында еңселі ескерткіш орнатылған.

Шара барысында қатысушылар батыр тұлға жайында ақпаратқа қанығып тарасты.

# СОБЛЮДЕНИЕ ПРАВИЛ И ЭКСПЛУАТАЦИИ ЭЛЕКТРА УСТАНОВОК

***Причинам пожаров являются в первую очередь нарушение элементарных норм и правил пожарной безопасности и их невыполнение. Неосторожное обращение с огнем является самой распространенной причиной возникновения пожаров.***

Не редко неосторожность переходит в небрежность: неосторожное обращение при курении , пользование для освещения свечами, факелами , что особенно опасно для чердачных помещении, коридоров, кладовых и других построек. Пожары могут возникнуть и от костра разожженного в близи строении, чаще всего от искр, которые разносятся ветром.

Не менее распространенной причиной пожаров является нарушение правил пользование электрическими приборами. В основном они происходят по причинам: нарушение правил пользования электрическими приборами, и неисправность этих приборов.

Шалость детей с огнем не менее важный фактор, что приводит те только к пожаром, но не редко заканчивается трагическими последствиями. Ребенок оставшийся дома один, может взять спички, поджечь бумагу, включить розетку электронагревательные приборы, или даже устроить костер. Виноваты в этом конечно сами родители которые оставляют детей одних, не прячут от них спички, не следят за их играми.

Обязанность каждого взрослого пересекать всякие игры с огнем разъяснять детям их опасность. Но если пожар все таки возник то как и чем его потушить?

Вода является универсальным средством для тушения пожара. Но ею не везде можно пользоваться для ликвидации горения. Не надо забывать, что вода является проводником электрического тока. Вода тяжелее многих легко воспламеняющихся и горючих жидкостей. Поэтому тушить эти жидкости водой нельзя для горючих жидкостей, песок является простым доступным средством тушения. Кошма непосредственно предназначается для изоляции очага горения от доступа воздуха. В место кошмы можно пользоваться подручными средствами – тяжелые шерстенными одеялами, старыми вещами.

При возникновении пожара первый заметивший его должен немедленно сообщит в службу «101» и точно указать адрес.

**Ербол ТУЛЕНДИНОВ,**
**Инженер ОЧС**
**Ескельдинского района**

BÄREKELDI

# ҰЛТТЫҚ ОЙЫННЫҢ ТАМЫРЫНА ҚАН ЖҮГІРДІ

***Ұлттық ойындар – ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауықтардың бір түрі. Оның бастауы тым тереңде, ғасырлар қойнауында жатыр. Осы ойындар негізінде әр халық әртүрлі жаттығулар жасау жолымен дене-шынықтыру ісінің негізін салды. Бұл бертін келе шынайы спорт ойындарының шығуына түрткі болды. Оның адам денсаулығын жақсарта түсуде пайдасы зор екені белгілі. Қазақтың ұлттық ойындары – бабаларымыздан қалған асыл қазына. Сондықтан халықтық мұраны үйренудің әрі күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуде орасан пайдасы тимек. Ойын әр баланың алдынан өмірдің жарқын сәттерін ашып, жеке қасиеттерімен біте қайнасып, әрі қарай дамуымен ұштасады.***

Қазақтың ұлттық ойындары бес түрге бөлінеді. Олар: аңға байланысты, малға байланысты, түрлі заттармен ойналатын, зеректікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін, соңғы кезде қалыптасқан ойындар. Олардың негізгілерінің өзі жүзден астам. Солардың бірі де бірегейі асық ату ойыны, бес тас ойыны. Жуырда ғана аудандық спорт кешенінде асық ату мен бес тас ойынынан облыстық чемпионат өтті. Ойын қатысушыларының бойындағы табандылық пен қайсарлықты байқамау мүмкін емес еді. Ойынның негізгі шарты – бір-бірінен асықты көбірек ұту. Бұл ойын мазмұны жағынан ұтыс ойыны тобына жатады. Асық ату ойыны балалардың тез қимылдауын қалайды. Мергендігін арттырады, дәлдікке, есепке үйретеді. Көшпелі қазақ халқының бірнеше ғасырлар бойы қаймағы бұзылмастан жалғасып келе жатқан ұлттық спорт ойындарының бірі – «Бестас» ойыны. Зерттеуші ғалымдардың айтуынша бұл ойын еңбек құралдары ағаш, тас, сүйек болып келетін ғасырларда пайда болған. Жалпы ойынның мазмұнына тоқталып кететін болсақ ойнаушылар ең алдымен, кім-кімнен кейін ойнайтынын өздері анықтайды. Бірінші кезек алған ойыншы бестас ойынының шартын бұзып алғанға дейін ойнайды. Одан кейін екінші кезектегі, ол тоқтаған соң, үшінші кезектегі ойыншы ойнайды. Ойын осылай жалғаса береді. Тастарды қаршып қағып алу кезінде басқа тастарды қозғалтуға болмайды және қақпа тасты түсіріп алмауы керек. Ойыншы ойынның шартын бұзғанға дейін ойнай береді. Тек ойынның шарты бұзылған жағдайда ғана келесі ойыншы кезек алады. Ал келесі кезек келгенде ойнаушылардың қай-қайсысы болсын, ойынды өзінің бұрынғы тоқтаған жерінен жалғастырады. Міне жылдамдық пен қырағылықты насихаттайтын бұл ойынның да берері көп. Киелі Ескелді жерінде өткен сайыста үздіктер мен қырағы саңлақтардың көп екеніне көзіміз жетті. Екі күнге созылған чемпионаттың үздіктерін анықтау да оңайға соқпады. Десек те жеңіс бар жерде жеңіліс бар. Бес тас ойыны бойынша 1 орын - Еңбекші қазақ ауданына, 2 орын - Кербұлақ ауданына, 3 орын Балқаш ауданына бұйырды. Асық ату сайысы бойынша жүлделі 1 орынды - Ұйғыр ауданы, 2 орынды - Кербұлақ ауданы, 3 орынды - Қонаев қаласы иемденді. Жалпы командалық есепте 1 орынды - Кербұлақ ауданы, 2 орынды - Ұйғыр ауданы, 3 орынды - Еңбекшіқазақ ауданы алды. Шараны аудандық спорт бөлімі ұйымдастырды.




**Арай НҰРЖАНҚЫЗЫ**

ÜLGI ◆

# АҚЫЛҒА БІРЛІК НЕМЕСЕ ШЫМЫРДАҒЫ ШЫНАЙЫ ТІРЛІК



***Мұны айтпауға да болар еді!***

***Алайда, баба жұрт «Қуанышты айтсаң, көбейеді» демей ме? Қазақтың осындайда даналығынан айналасың. Айналмай ше? Шведтің бе, ағылшынның ба, әйтеуір кәрі құрлықтың бір еліндегі бір компаниясы қазақтың сөзін қуаттапты. IKEA компаниясын білмейтін пенде кем шығар?! Сол құрылым тәжірибе жүргізген ғой. Саудаға негізделген кәсібі бар компания әлеуметтік тәжірибелер жасауға дағдыланған. Бірде әлгі компания екі қауашақтағы гүлді алыпты да, біріне - былапыт сөз, балағат әңгіме айтады да, екіншісін - жапырағы мен тамырын жер мен көкке сыйғызбай мақтайды ғой. Күн өтеді, күн артынан күн зулап, апта өтеді. Құдірет-ай, құлақсыз болса да, әлгі өсімдіктің қолайсыз сөз естігені бойы өспей, қолапайсыздау күйге енеді. Жайлы әңгіменің аясында тұрған гүл жапырағын жайқалта түсіп, көріктеніп сала береді. Екі айдан соң, боқтық естігені мыжырайған күйі қалып, мақтау естігені ажарланып, алып гүлге айналады. Сөз деген құдірет бәріне әсер етеді ғой. Мұндайда қазақ «Жақсы сөз – жарым ырыс» дейді.***

Бірді айтып, бірге кетеміз. Айтпауға болатын, бірақ айтылуы тиіс жайттың жайына оралайық... Қала мен аудан орталығының арасында шағын, шағын емес-ау, іргелі ауыл бар. Атауы – Шымыр. Өзі ауданға қарағанмен, тұрмысы мен тынысын облыс орталығына бейімдеген. Олай болар жайы бар. Талдықорғанмен іргелес жатқан соң мұндағы ағайын нәпақасын қаладан да, даладан да тауып жүр. Өйтпеген де ше? Уақыт талабы солай. Сол ауылдағы бір қызықты баяндайын. Елді мекеннің үлкен жолдың бойын іргелей қонған тұсында аялдама бар. Әлгі аялдаманың жанынан өткенде жауыннан кейін бой көтергендей қызылды-жасылды саңырауқұлақтар менмұндалайды. Көздің жауын да алады. Алайда, бұл темір саңырауқұлақтардың орныққанына көп бола қойған жоқ. Әрісі бір ай. Жай тұр ма бұлар деуіңіз де заңды. Бұл ауыл балаларына арналған шағын демалыс орны. Сол маңда суға шомылар шағын бассейін бар. Бассейін деуге келмес, кәдуілгі жерді шұңқырлай қазып, ағын су келер арықты бұрмалап әкеліп, сол шұңқырға су құяр саға салған. Маңайын Қапшағай су тоғаны не Каспий теңізі жағалауындай шағыр құм мен тас төсеп, жүргінші жүретін жол салынған. Кісі отыратын бірнеше орындық, қоқыс жәшігі, әжетхана, душ, тіпті, кәуап пісіретін құрылғы да орналастырылған. Құдды заманауи демалыс орны ма дерсіз?! Шынын да демалыс орны. Тек жекенікі емес, ауылдың меншігі.

Нарықтық заманда ортақ меншік деген құлаққа түрпідей тиді ме? Елім деген ерлер барда оған да құлақ үйреткеніңіз абзал. Мәселе мынада, ауыл жастары жиылып, аға буын қолдау білдіріп, ерте көктемде ауыл балалары үшін жағажайлы бассейін жасайық деп келіседі. Содан үкіметке де, әкімдікке де жүгірмей, жиналып тірлікті бастап кетеді. Бірі – ауласынан темір-терсек әкелсе, бірі – ағаш жеткізеді. Жиылып ақша жинап, қажетті жабдық алады. Әйтеуір, болашақ үшін қам қылады. Өйткені олар «Балам-болашағым» деген жұрттың ұрпағы ғой. Бүгінде заманауи демалыс орны даяр тұр. Тек су келсе, ауыл балалары шаттанғалы тұр.

Ауылдағы шағын демалыс айлағын салуға себепші болып жүрген жанмен дидарласып қалдық. Кездейсоқ. Шағын табиғи бассейіннің жанынан өтіп бара жатып тілдестік. Содан жөн сұраймыз ғой. Мереке Жабығұловтың айтуынша, мұндай игілікті тірлікке жыл басында болған «Қаңтар оқиғасы» сеп болған.

*- Еліміздің тәуелсіздігіне үлкен қауіп төндірген оқиға шынын да ойландырып тастады. Елдігімізді асқақтатар бірлік екен. Хәкім Абай ел болу үшін «бірлік керек, бірлік болғанда ақылға бірлік» дейді ғой. Содан ауылдың азаматтары ақылдаса келе, туған, өскен ауылымызды өркендетуде бел будық. Біз жанбасақ лапылдап, кім жанады? Ауылдағы ел ағалары бас болып, біз жастар қостап, тірлік етуді жөн көрдік. Міне, соның бастамасы. Әуелде бұл маң лай мен қоқысқа толы шұңқыр болып жататын. Кейде жағымсыз иісі мүңкитін. Содан осы маңды ауыл балалары демалатын, суға шомылатын, ауыл жастары серуендейтін шағын демалыс орнына айналдыруды жөн көрдік. Кімге ауыз ашып отырамыз? Ауыл – біздікі! Оны көркейту біздің енші. Содан ауыл азаматтары бірігіп, бастаманы қолға алдық. Бүгінде әлгі қолайсыз болып келген орынның сәні кіріп, шағын демалыс айлағына айналды. Алдағы уақытта ауыл үшін игі тірлігімізді жандандыра бермекпіз,* - деді М.Жабығұлов.

Ойды ой қозғайды. Мына заманға теңеу көп. «Өз күніңді өзің көр» деген саясаттың салдары болар, әркім өз «менменін» азықтандырып әлек. Содан шықса керек бәзбіреулер «менмен заман» дейді. Оған қоса «Біреу біреу үшін өмір» сүрмейді деген де ұран шықты. Ұран емес-ау, жалған желеу. Содан болса керек, қоғам үшін қарекет етуден, қорадағым мен қалтамдағы аман болсын деген күйге жеттік. Шын ғой! Осы орайда ұлт ұстазы Ахаңның, Ахмет Байтұрсынұлының «Жұрт ісіне жаны ашып, жұрт намысына қаны қызатын қазақта адамдар аз болады... ұлт намысы деген сөз қазақтың көбіне түсініксіз нәрсе. Отбасына келерлік бәле болмаса, жұрт басына бәлені ойлап, уайымдамайды. Қуанышы, қайғысы отбасынан аспайды», - дейді. 100 жыл бұрын жазылған жай әлі қыннан суырылған қанжардай әлі өткір. Тағы да рас. Шыны керек, Ескелді ауданында талай кәсіпкер бар. Жерден де, елден де нәпақасын тауып отыр. Миллиондап, тіпті, миллиардтап. Бірақ, аудан үшін, ел үшін бір пайдам тисін деп бұта сындыратыны саусақпен санарлық. Бәрі дей алмаспыз. Дені. Олардың ойы әуелі бас пайда. Оны көз көріп жүр. Ауданның атқамінерлері итермелемесе, сұрау салмаса, өз еркімен мыңқ етіп қозғала қоймайды. Бір дүние дұрыс болмаса, «әкімдігіңе бар болайын» деп күңк етеді де, өз қамының күйін күйттейді. Шын сөз бұл. Әйтпесе, өз атынан мешіт не мейрамхана, дүкен, асхана ашу кез келгеннің қолынан келеді де, саялы баққа қамқорлық жасау, балалар ойын алаңын салу, демалыс алаңқайын ашу сынды қоғам игілігі үшін болар тірліктерге ешкім бара қоймайды. Өйткені қоғамдағы қорадағыдай табыс әкелмейді. Табыс әкелмеген тірлікке кім бас ауыртсын? Ал басы ауырмайтындарға Шымыр жастарының, азаматтарының тірлігі үлгі!

Осылайша, шағын ауылдың азаматтары бірлікпен тірлік етуде. Сенбейсіз бе? Сенбесеңіз, Шымырға барыңыз, жанашыр жандардың жүйелі жұмысын көріңіз!

**М.МАҚСЫМ**

◆ ŞYRAĞDAN ◆

## ҚАБІЛЕТ ПЕН ҚАРЫМДЫ ШЫҢДАҒАН ЖИЫН

***Мамыр айының басында Балпық би атындағы орта мектепте Ескелді ауданының білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен география пәнінің мұғалімдерімен «География сабағындағы статистикалық мәліметтермен жұмыс істеу әдістері» тақырыбында семинар өтті. Аталған шараға аудан көлемінен 20-дан астам мұғалім қатысты.***

Семинарды Балпық би атындағы орта мектебінің психологі Жұлдыз Касенова «Хорошее настроение - залог здоровья!» тақырыбындағы тренингпен бастады.

Іс-шара барысында Балпық би атындағы орта мектебінің мұғалімі Дариға Байтұрғанова «Работа со статистическими источниками информации на уроках географии», Қаратал орта мектебінің мұғалімі Әсия Оразбаева «География сабағында статистикалық мәліметтермен жұмыс істеу әдістері», Н.Алдабергенов атындағы орта мектебінің мұғалімі Анжелика Нестеренко «Барьеры и трудности с которыми сталкиваются учителя и ученики во время проведения СОЧ за четверть по предмету география», Мичурин негізгі орта мектебінің мұғалімі Сәуле Ахметова «География сабағында әдіс-тәсілдердің тиімділігі», Қаблиса жырау атындағы орта мектебінің мұғалімі Маржан Алпарова «География пәнінен геграфиялық есептерді шығаруда сандық білім ресурстарын қолдану», М.Маметова атындағы орта мектебінің мұғалімі Назым Әлиева «География пәнінен электронды ресурстарды пайдалану негізінде білім алушылардың функционалды сауаттылықтарын дамыту әдістері» тақырыптарында баяндамалар жасады. Сонымен қатар аудан әдіскері М.Бодауовтың ұйымдастыруымен «Мектеп бітіруші сыныптардың қорытынды аттестатталуы» туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

## ЖАС ТЕХНОКРАТТАР ЖАРАДЫ



***Жуырда «Алматы Облыстық Білім Беру Саласындағы Ғылыми-Тәжірибелік Ақпараттық Технологиялар Орталығының» Ескелді ауданы бойынша әдіскері Тамерлан Тұрсынқанның ұйымдастыруымен информатика пәнінің мұғалімдері және 13-17 жас аралығындағы оқушылар арасында «Үздік виртуалды жоба» байқауы өтті.***

Мұндағы мақсат - қатысушылардың бойында жаратылыстану-ғылыми және инженерлі--техникалық ойды дамыту, виртуалды жобалаудың барлық ұстазға және оқушыға қолжетімділігін көрсету.

Байқауға Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп-гимназиясы, Титов атындағы орта мектеп, Н.Алдабергенов атындағы орта мектеп, Қарабұлақ орта мектебі, Қаратал орта мектебі мен Ж.Жақыпбаев атындағы орта мектептің мұғалімдері мен оқушылары қатысты.

Жарыс қорытындысына сай мұғалімдер арасында М.Базарбаев «Үздік жоба», Е.Бекқали «Инновациялық жоба», К.Михов «Жақсы бастама», Ә.Құдайбергенов «Ерекше жоба» Е.Ақиқат «Үздік композиция», Н.Дәуленбекова «Үздік презентация» номинацияларын иеленді. Оқушылар арасында Е.Зейнолла, Е.Ешнасыр «Үздік жоба», А.Сержанұлы «Инновациялық жоба», Ж.Амангелдіұлы «Жақсы бастама», В.Найденов «Ерекше жоба» Ж.Жеңіс «Үздік композиция», Н.Хан «Үздік презентация» аталымдарын қоржынға салды.

## ЖАС ЖЕҢІМПАЗ

Жуырда тағы бір жерлесіміз жеңіс тұғырынан көрінді. Бұл жолы аудан абыройын Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы орта мектептің оқушысы Зере Кеңесқызы асқақтатты. Ол Өскемен қаласында өткен Қанипа Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиет пәнінен республикалық олимпиадасында оза шауып, ІІІ дәрежелі дипломды қоржынға салды.

## ЖАС ТАБИҒАТШЫЛАР ЖАРАДЫ

Облыстық «Табиғатты аяла» атты экологиялық форумға Ескелді ауданының мектеп оқушылары қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Жеңімпаздар сапындағы Алдабергенов атындағы орта мектебінің оқушысы Арина Ким 2-орын, Абай атындағы орта мектебінің оқушысы Ақерке Ырысалiқызы 3-орынды иеленді.

## БІЛІМ ОРДАЛАРЫ АҒАШ ОТЫРҒЫЗДЫ

«Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген ұлағатты сөз бар қазақта. Осы бабалар ұлағатын ескеріп, жуырда ауданға қарасты барлық мектеп ұжымы Балалар жылына орай ағаш егу акциясын өткізді. Акцияға мектеп ұжымы мен оқушылар белсене қатысты. Іс-шара кезінде мектептерде 287 қарағай және 70 шырша ағашы отырғызылды. Мұндай акция дәстүрге айналып, жыл сайын білім шаңырақтары ағаш отыруға белсене қатысып келеді.

**Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі**

TIN ◆

# ОҚУШЫЛАР КІМ БОЛАРЫН ТАРАЗЫЛАДЫ

Жуырда Ескелді аудандық кітапханасында «Мамандығым - болашағымның кепілі» атты коучинг сабақ өтті. Сабаққа Алдабергенов орта мектебінің 9-сынып оқушылары қатысты. Осы сыныптың жетекшісі Раиса Алтыбаева Серикбаевна көрермен болды. Аталмыш сабақтың мақсаты - болашақ ұрпаққа мамандық таңдау барысында жол көрсету және ол үшін білім нәрімен сусындау керек екенін түсіндіру.

Шара барысында ұйымдастырушылар сабақ тақырыбына сай слайд, кітаптар қолданды. Оқушылар коучинг сабақ барысында болашақ мамандық туралы шығарма жазып, оның қоғамға қажеттілігі жайында баяндады.

Өз ісінің нағыз маманы атану екінің бірінің еншісіне бұйырмаған. Ол үшін ең алдымен мамандығыңызға деген махаббат керек. Мамандыққа деген махаббат пен карьерист болу екеуі



біздіңше екі бөлек нәрсе. Махаббатпен істелген жұмыс қана нәтиже бермек. Екінші сөзбен айтқанда, мамандығыңыз сіздің сүйікті ісіңізге айналуы қажет. Бұл жағдайда адам жұмысқа ерекше құлшыныспен кірісіп, жұмысынан ләззат алады.

Ұнайтын мамандықты таңдау және өмір бойы өзіңізді қамтамасыз ету үшін алдымен адам өзін танып, мұқият зерттеу қажет. Ең алдымен қызығушылығыңызды, бейімділігіңізді, мінез сипаты мен физикалық мүмкіндіктеріңізді жақсы түсіне алу керек. Негізгі қасиеттеріңіз бен байқалмайтын қасиеттеріңізді анықтау қажет. Ары қарай өзіңізге сәйкес келетін мамандықтарды таңдау кедергі туындамайды. Осыдан кейін ғана оқу орнын таңдау қажет.

**Меруерт БЕКМЫРЗА,**
**Ескелді аудандық кітапханасының библиографы**

BÄREKELDI ◆

# ЕЛОРДАДАН АҚЖОЛТАЙ

***Мамыр айының басында Нұр Сұлтан қаласында XV Халықаралық балалар шығармашылығынан фестиваль-байқау өтті. Айтулы өнер додасына Ескелді ауданынан «АЙАНА» өнер және спорт мектебінің оқушылары би номинациясы бойынша топтық билермен үлкен сахнада өнер көрсетіп, ауданымыздың мерейін асқақтатып қайтты. Атаулы фестивалдің шымылдығын «АЙАНА» би ансамблі түрді.***

Бас жүлдемен «АЙАНА» би ансамблінің кіші және жоғары тобы, «АлиНаз» би ансамблінің бүлдіршін тобы, «Ұлытау» би ансамблінің аралас тобы, 1-дәрежелі Диплом лауреаттары «АЙАНА» би ансамблінің орта және бүлдіршін тобы, «АлиНаз» би ансамблінің жоғары тобы, 2-дәрежелі Дипломмен «АлиНаз» би ансамблінің аралас тобы жүлделі орындармен марапатталып қайтты. Атаулы бишілерді хореограф мамандар Жанар Бешен мен Айнұр Баймухамбетовалар даярлаған еді.

**А.КӨМЕКОВА,**
**аудандық мәдениет үйінің әдіскері**

ÖZEK

# ТІЛСІЗ ЖАУДЫҢ БАСТЫ СЕБЕБІ – ҚАРАУСЫЗ БАЛА



***Балалардың отпен ойнауы көбінесе өрттің себебі болады. Тәжірибе көрсеткендей, мұндай өрттер балалардың отпен абай болу дағдыларының жоқтығынан, ересектер тарапынан олардың мінез-құлқын бақылаудың жеткіліксіздігінен, ал кейбір жағдайларда ата-аналардың өз балаларының бос уақытын ұйымдастыра алмауынан болады.***

Үш жастан жеті жасқа дейінгі балалар өз ойындарында ересектердің әрекеттерін жиі қайталайды, олардың жұмысына еліктейді. Тәуелсіздікке деген ұмтылыс әсіресе балалар жалғыз қалған кезде көрінеді. Үйде жалғыз қалған бала сіріңкемен немесе оттықпен ойнауды шешпейтініне, қағазды өртегісі келмейтініне, орманда көрген отты реттемейтініне сенімді болуға болмайды.

Құрметті ата-аналар, балалардың отпен ойнауы өте өткір. Басты міндет – мүмкін болатын қайғылы жағдайдың алдын алу, жақын болу және тіпті бір қадам алда болу екенін есте сақтау өте маңызды. Біздің күш-жігеріміз балалармен күнделікті профилактикалық жұмыстарға бағытталуы керек, егер ол жойылмаса, онда балалардың қатысуымен болатын өрттер мен басқа да оқиғалардың санын барынша азайту, жарақат пен жазатайым оқиғаларды болдырмау керек. Өйткені, ең алдымен, ересектер балалардың әрекеттері мен өз әрекеттері үшін жауап береді.

Балаларға жаман мысал көрсетпеңіз. Сіріңкелерді балалардың қолы жетпейтін жерлерде сақтаңыз. Ешқандай жағдайда үйде ақаулы немесе үйде жасалған электр құралдарын ұстауға болмайды. Қауіпсіздік талаптарына сәйкестік сертификаты бар, аспапты электр қорек көзінен автоматты түрде ажырататын құрылғысы бар жарамды аспаптарды ғана пайдалануға болады.

Есіңізде болсын, кішкене абайсыздық үлкен қайғыға әкелуі мүмкін. Қайғылы жағдайлар балалардың өртте қаза болуының басты себебі олардың қиын жағдайда әрекет ете алмауында екендігін айқын көрсетеді. Өрт кезінде балаларда подсознание инстинкті іске қосылады: бала жасырынуға тырысады, қиялдан пана іздейміз - төсек астында, үстелдің астында. Онда оның қиындықтары бар. Сондықтан баланы өрт кезіндегі іс-әрекеттерге үйретуді ұмытпаңыз.

Егер сіз балалардың өз бетінше от жағатынын, сіріңкемен және оттықпен, жанғыш сұйықтықтармен ойнайтынын көрсеңіз, немқұрайлы қарамаңыз, оларды тоқтатыңыз!

Өмір балалар арасында балалардың отпен ойнауынан болатын өрттердің алдын алуға бағытталған түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатқан жерлерде өрттің туындау қаупі барынша азайтылатынын көрсетті.

**Ескелді ауданының ТЖБ**

TYNYS

# ПРОАКТИВТІ ФОРМАТТА ТӨЛЕУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

***2022 жылдың 1-наурызындағы жағдай бойынша БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде зейнет жасына толған және зейнетақы жинақтары бар, бірақ төлем алуға өтініш білдірмеген 175 мыңнан астам салымшы (алушы) бар.***

БЖЗҚ мен «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы арасында жүргізілген салыстырып тексеру нәтижелері бойынша, осы санаттағы салымшылардың (алушылардың) бір бөлігі жасына байланысты зейнетақы төлемдерін бюджет қаражаты есебінен алады, әрі мобильдік азаматтар базасында олардың телефон нөмірі тіркелген.

Осыған байланысты, зейнет жасына жеткен, бірақ зейнетақы жинақтарын төлеу үшін Қорға өтініш жасамаған салымшылар (алушылар) бойынша ***2022 жылдың 27-сәуірінен бастап*** Мемлекеттік корпорация БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін мобильді азаматтар базасында тіркелген салымшының (алушының) телефон нөміріне sms-хабарлама жіберу арқылы проактивті форматтағы жұмысын бастайды.

Зейнетақы төлемдерінің кестесіне сәйкес Мемлекеттік корпорациядан төленетін жасына байланысты және мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін БЖЗҚ-дан алу үшін салымшы (алушы) зейнетақы тағайындау кезінде Мемлекеттік корпорацияға бұрын ұсынылған салымшылардың (алушылардың) банк шоттарына қазақ немесе орыс тілдерінде жауап хабарлама жіберуі қажет.

Назар аударамыз:

проактивті қызметті алу кезінде БЖЗҚ және (немесе) ХҚКО жүгіну және құжаттарды тапсыру талап етілмейді;

БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшері мен мерзімі салымшының (алушының) ЖЗШ-дағы зейнетақы жинақтарының қалдығына байланысты.

Егер БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алуға проактивті қызмет көрсетілу күніне зейнетақы жинақтарының сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі зейнетақының 12 еселенген мөлшерінен аспаса ***(2022 жылы 555 624,00 теңге),*** бұл сома жеке табыс салығын ұстап қалу ескеріле отырып, бір рет төленетін болады.

# ПОЖАРНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ НА ТРАНСПОРТЕ

***Возгорание на любом виде транспорта может возникнуть неожиданно и привести к плачевным последствиям. Что становится частыми причинами пожара? В процессе обязательного технического осмотра транспортного средства контролируется состояние автомобиля, но не осуществляется проверка электрооборудования и топливной системы. Тем не менее, основными причинами пожара на автотранспорте являются: короткое замыкание электропроводки/электроагрегатов двигателя, неосторожное обращение с огнем (подогрев двигателя паяльной лампой, курение, утепление двигательной отсека кошмой), обрыв или неисправность топливопровода. Чаще всего это происходит от несоблюдения основных требований пожарной безопасности при эксплуатации автотранспорта.***

О чем следует помнить автовладельцам:

каждое транспортное средство должно быть укомплектовано исправным огнетушителем объемом не менее 2-х литров. При этом необходимо знать устройство огнетушителя и уметь им пользоваться;

узлы и механизмы автотранспорта содержать в исправном состоянии;

не допускать подзарядку аккумуляторов непосредственно на транспортных средствах.

Если ваш автомобиль загорелся во время движения, соблюдайте следующие правила поведения в автомобиле при пожаре:

Остановите автомобиль.

Выключите двигатель.

Освободите замок капота, но не открывайте капот.

Выведите всех пассажиров.

Позвоните в противопожарную службу по номеру телефона «101», или в службу спасения «112».

Если не опасно, попытайтесь воспользоваться имеющимся в машине огнетушителем.

Не применяйте воду при тушении пожара в моторном отсеке, так как это может вызвать короткое замыкание электропроводки и распространение горящего бензина и увеличение площади горения.

Уважаемые автовладельцы, помните пожар легче предупредить, чем потушить!

**А.НАЙЗАБЕКОВ,**
**начальник ОЧС Ескельдинского района**

# QŪLAQTANDYRU

## ҚҰРМЕТТІ БОЛАШАҚ БІРІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫ!

***1 сыныпқа құжаттарды қабылдау 1 сәуір мен 1 тамыз аралығында өтеді.***

1 сыныпқа 6 жастағы балалар қабылданады. Сонымен қатар, 31 желтоқсанға дейін алты жасқа толған балалар да бірінші сыныпқа бара алады.

Азаматтарға ыңғайлы болуы үшін қызмет толықтай автоматтандырылған және eGOV.kz порталы арқылы көрсетіледі.

Қандай құжаттар қажет?

- Ата-ананың өтініші (электронды түрде қалыптасады)
- Туу туралы куәлік (электронды түрде қалыптасады)
- Баланың денсаулық паспорты (026/у-3 нысаны)
- Егу паспорты (065/у нысаны)
- Баланың суреті (3*4 өлшемді)

**Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі**

## ДОРОГИЕ РОДИТЕЛИ БУДУЩИХ ПЕРВОКЛАССНИКОВ!

***Прием документов в 1 класс проходит с 1 апреля по 1 августа.***

Для удобства граждан услуга полностью автоматизирована и оказывается через портал eGOV.kz.

Какие необходимы документы?

- Заявление родителя (формируется электронно)
- Свидетельство о рождении (формируется электронно)
- Паспорт здоровья ребенка (форма 026/у-3)
- Прививочный паспорт (форма 065/у)
- Фото ребенка (размером 3*4)

**Отдел образования по Ескельдинскому району**

MAÑYZ

# ӨРТТІҢ АЛДЫН АЛУ

***Қазіргі кезде өрттің қайғылы жағдайларға әкеп соғатынын әрбір азамат білуі керек. Ол үшін өрт болған жағдайларда бірінші кезекте 101 телефоны арқылы өрт сөндіру бөлiміне хабарлау керек. Өрттің қай жерде жанып жатқанын, мекенжайын толық хабарлау керек. Осыдан кейін адамдарға құтқару бірінші кезектегі жұмыс және жедел қолдағы бар мүмкіндікпен өртті өшіруге кірісу керек.***

Мысалы шелекпен су тасу, құм себу тағы басқадай шаралар жасалынады. Егер өрт үй жануарлары қамалған қорада болса, ең алдымен қорадағы малды шығаруға әрекет жасау керек.

Содан кейін өртті сөндіруге кіріскен абзал. Көбінесе азаматтар өрт сөндіру бөліміне кештетіп хабар береді, немесе өрт жайлы хабарлаған кезде мекенжайларын толық айтпай телефон тұтқасын тастай салады. Осының барлығы өрт сөндіру бөлімінің жұмыстарын күрделендіре түседі. Егер хабар дер кезінде түспесе өрттің арты үлкен апатқа, адам шығынына да әкеп соғады. Өртті болдырмаудың басты себебі әрбір азаматтың өрт қауіпсіздік ережелерін қатаң есте ұстауы болып отыр.

**Ербол ТУЛЕНДИНОВ,**
**аудандық ТЖБ инженері**

ILKIM

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН ҚАРСЫ КҮРЕС

***Тарих беттерін парақтасақ, сыбайлас жемқорлық атты қоғамның қауіпті індеті – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай жетті. Басқа дамушы елдер сияқты жас мемлекетімізді де жегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ.***

Атаулы індетке қарсы күрес – тоқтаусыз һәм үздіксіз процесс. Сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін жауаптылық нормаларының қолданылмауы, абсолютті көрсеткіш болып табылмайды. Оған қарсы күрестің болмауы сыбайлас жемқорлықтың өзінің болмауымен бірдей. Сыбайлас жемқорлықтың тамырына үңілгенде бұл мәселеден шығудың жолы жоқ деген сезім тумауы керек.

***«Ең бастысы — әрбір мемлекеттік құрылыстың жанындағы істі, лауазымды тұлғалар пайдаға баптайтындай етіп қою керек».*** Бұл пікірді антикалық дана Аристотель айтқан. Ол уақыттан бері екі мың жарымдай жыл өтті, бірақ ең зұлым әлеуметтік жауыздық - сыбайлас жемқорлықты құрту адамзаттың әлі де қолынан келмеді.

Соңғы уақытта Қазақстанда сыбайлас жемқорлықтың «тамырын» шабуға бағытталған жұмыстар атқарылып жатыр. Мемлекеттік қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін орындаудағы жауапкершіліктерін арттыру шаралары қолданылуда. Бірақ, қоғам мен мемлекеттің мүмкіндіктерін біріктіретін, сыбайлас жемқорлық қылмыстарды ескертетін жаңа тұжырымдық үлгіні дайындауда талдаулық, ұйымдастырушылық және насихаттау жұмыстарын қолға алу қажет.

Сыбайлас жемқорлық – лауазымды тұлғалардың жеке басының пайдасы үшін билік құзіретін асыра пайдалануын білдіретін термин. Бұл термин бюрократтық аппаратқа және саяси элитаға қатысты жиі қолданылады.

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушығуы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Кез келген уақытта, кез келген қоғамда және мемлекетте сыбайлас жемқорлық әрекеттері және ол әрекеттермен күрес болған. Қазіргі қазақ қоғамындағы өзекті тақырыптардың бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес.

Елдің дамуы мен әлеуметтік-экономикалық ілгерілеу жолындағы маңызды қадамдардың бірі – сыбайлас жемқорлықты жеңу. Бұл проблемаға бүкіл әлемде үлкен көңіл бөлінетіні кездейсоқ емес. Ескелді аудандық қазынашылық басқармасы осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты ұстанады және жұмыс барысында басшылыққа алады.

**А.БАШАБАЕВА,**
**Ескелді аудандық қазынашылық басқармасының басшысы**

SIFRLYQAZAQSTAN

# EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДАҒЫ ЖАҢА МҮМКІНДІК

***Қазақстан Республикасының аумағына бұрын тұрған және қайта келген этникалық қазақтар eGov.kz порталында қандас мәртебесін алуға немесе оны ұзартуға өтінім бере алады.***

Енді eGov.kz порталында пайдаланушы өзіне, сондай-ақ отбасының барлық мүшелеріне аталған қызметке онлайн тапсырыс бере алады. Қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.

Пайдаланушыларға қойылатын міндетті талаптар - ЖСН және ЭЦҚ болуы.

Бұл жаңартулар ҚР Президентінің бюрократиясыздандыру туралы Жарлығы аясында жүзеге асырылды. Жарлығы негізгі мәні - цифрлық трансформация және мемлекеттік басқарудың барлық салаларының жүйелі реинжинирингі.

- «Біз мемлекеттік қызметтерді онлайн форматқа көшіру бойынша белсенді жұмыс жүргізіп жатырмыз. Бұрын аталған қызмет ХҚКО мен жергілікті атқарушы органдар арқылы оффлайн түрінде көрсетілгенін атап өткім келеді. Енді ХҚКО бармай ақ, қызметті eGov.kz электрондық үкімет порталы арқылы онлайн алуға болады. Бұл қызметтің азаматтар үшін маңыздылығын түсіне отырып, біз қызметті алу процесін жеңілдеттік»,- деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма төрағасы Ростислав Коняшкин.

Қызметті қолдану үшін пайдаланушы «Электрондық үкімет» (eGov.kz) порталында қажетті қызмет түрін таңдайды: қандас мәртебесін беру немесе ұзарту. Таңдалған қызмет түріне сәйкес пайдаланушы мәртебесін алу үшін ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ақпараттық жүйесі арқылы тексеру жүзеге асырылатын болады.

Барлық міндетті жолдарды толтырып, сұратылған құжаттарды қоса тіркеу қажет (файлдар pdf немесе jpg форматында).

Сондай-ақ, өтінім берген кезде пайдаланушы қандас мәртебесін беру немесе




ұзарту қажет отбасы мүшелері бойынша мәліметтерді толтыра алады. Отбасы мүшелерінің санына шектеу жоқ. Бұдан әрі қол қоюдың қолжетімді әдістерінің бірімен өтінімге қол қою қажет.

Қызмет көрсету нәтижесі - қандас куәлігі, жергілікті атқарушы органның қандас мәртебесін ұзарту туралы шешімі не электрондық құжат нысанында пайдаланушының «жеке кабинетіне» жіберілген мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі - 4 жұмыс күні ішінде.

